договором перевозки груза. Обязанность составления в установленном порядке Коммерческого акта возлагается на Покупателя.	Коммерциялық актіні белгіленген тәртіппен жасау міндеті Сатып алушыға жүктеледі.
В случае обнаружения недостачи Товара, прибывшего в пункт назначения в цистернах с поврежденными пломбами, либо при отсутствии пломб, либо при целостности пломб, если охранное сопровождение Товара осуществлялось в процессе транспортировки, то данные факты должны быть отражены в Актах приема-передачи охраняемого груза, подписываемого между Грузополучателем и военизированной охранной организацией при передаче Товара. Копии этих актов должны быть переданы Покупателем Продавцу вместе с претензией на возмещение недостачи. Все претензии по недостаче Товара должны быть предъявлены Продавцу в срок не позднее 10 (десяти) дней с момента обнаружения факта недостачи Товара. По истечении указанного срока Претензии Продавцом приниматься не будут.	Тасымалдау барысында Тауардың күзетілуі қамтамасыз етіліп, пломбалары зақымданған, не болмаса пломбалары жоқ, не болмаса пломбалары бұзылмаған кездегі цистерналардың ішінде тағайындалу пунктіне әкелінген Тауардың жетіспеушілігі анықталған жағдайда, бұл фактілерді Тауарды табыстау кезінде Жүк қабылдаушысы және әскерилендірілген күзет ұйымы қол қоятын Күзетілетін жүкті қабылдау-табыстау актісінде қамтып көрсету қажет. Осы актілердің көшірмелері Сатып алушының тарапынан Сатушыға жетіспеушілікті өтеу жөніндегі наразылықпен бірге жіберілуі тиіс. Тауардың жетіспеушілігіне қатысты барлық наразылықтар Сатушыға Тауардың жетіспеушілігі анықталған сәттен кейін 10 (он) күннің ішінде білдірілуі тиіс. Аталмыш мерзім өткеннен кейін Сатушы Наразылықтарды қабылдамайтын болады.
Для возмещения стоимости утраченного Товара соблюдается следующий порядок: а) в случае обнаружения недостачи (утраты) Товара при сдаче охранной организацией из под охраны Покупателю (Грузополучателю), для определения массы Товара используется расчетная плотность, полученная приведением указанной в паспорте качества плотности при +15°С (+20°С), к фактической температуре Товара (согласно Приложению 4 «Правил перевозок жидких грузов наливом в вагонах-цистернах и вагонах бункерного типа для перевозки нефтебитума»);	Жоғалған Тауардың құнын өтеу мақсатында келесідей тәртіп қолданылады: а) күзет ұйымы күзеттен шығарылатын Тауарды Сатып алушыға (Жүк қабылдаушысына) табыстаған кезде Тауардың жетіспеушілігі (жоғалуы) анықталған жағдайда («Мұнай битумын тасымалдауға арналған вагон-цистерналарда және бункер типіндегі вагондарда құйылған сұйық жүктерді тасымалдау ережелері» 4- қосымшасына сәйкес) Тауардың массасын анықтау мақсатында сапа төлқұжатында белгіленген +15 °С (+20 °С) температурасы кезіндегі тығыздық шамасын Тауардың нақты температурасына келтіру арқылы есептелген есептік тығыздық қолданылады;
б) при установлении утраты (недостачи) Товара, превышающей суммы значений нормы естественной убыли (согласно СТ РК 3553-2020) и предельного отклонения результата измерений массы на станции назначения (предусмотренной СТ РК 2.343- 2015), Покупатель предъявляет Продавцу к возмещению сумму недостачи за минусом естественной убыли при транспортировке (путевые потери) и предельного отклонения результата измерений массы на станции назначения;	б) (ҚР СТ 3553-2020 алдын ала ұлттық стандартына сәйкес) табиғи жоғалу нормасы шамаларының жиынтығынан асып кететін және (ҚР СТ 2.343-2015 стандартында қарастырылған) тағайындалу бекетіндегі массаны өлшеу жұмыстары нәтижелерінің шектік ауытқуынан асып кететін Тауардың жоғалуы (жетіспеушілігі) анықталған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға тасымалдау кезіндегі табиғи жоғалуды (жол барысындағы жоғалуды) және тағайындалу бекетіндегі массаны өлшеу жұмыстары нәтижелерінің

в) сумма, подлежащая возмещению за утрату Товара, складывается из стоимости утраченного Товара по отпущенной Покупателю цене и провозной платы за утраченное количество Товара.	шектік ауытқуын ескермегендегі жетіспеушілік сомасын өтеу жайындағы талапты қойып отырады; в) Тауардың жоғалуы үшін өтелуі тиіс сома Сатып алушыға берілген баға бойынша жоғалған Тауардың құнын және Тауардың жоғалған мөлшері үшін төленетін тасымалдау төлемін қосу арқылы есептеледі.
8. Цена Товара Под ценой Товара понимается цена одной метрической тонны Товара, с учетом всех применимых налогов и платежей на момент оплаты за Товар. Цена Товара устанавливается в Договоре. В случае утверждения иного механизма ценообразования на ГСМ уполномоченными государственными органами или изменения ставок налогов и других обязательных платежей в бюджет РК, цена Товара может быть пересмотрена и изменена Продавцом в одностороннем порядке путем уведомления Покупателя не позднее 3 (трех) дней с момента утверждения иного механизма ценообразования на ГСМ уполномоченными государственными органами или изменения ставок налогов и других обязательных платежей в бюджет РК.	**8. Тауардың бағасы** Тауардың құны ретінде Тауарға төлеу мезетіндегібарлық қолданылатын салықтарды және төлемдерді ескерген кездегі Тауардың бір метрикалық тоннасының бағасы танылады. Тауардың бағасы Шартта белгіленеді. Уәкілетті мемлекеттік органдар жанар-жағармайға баға белгілеудің басқа механизмін бекіткен немесе Қазақстан Республикасы салықтарының және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің мөлшерлемелері өзгерген жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар жанар-жағармайға баға белгілеудің басқа механизмін бекіткен немесе Қазақстан Республикасы салықтарының және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің мөлшерлемелері өзгерген мезеттен бастап Сатушы Сатып алушыны 3 (үш) күннен кешіктірмей хабардар ету арқылы бір жақты тәртіпте Тауардың бағасын қайта қарастыру және өзгерту құқықтарына ие болады.
9. Условия оплаты 9.1. Оплата за Товар производится Покупателем в национальной валюте Республики Казахстан – тенге и в соответствии с условиями Договора, оформляемого Сторонами на каждую партию Товара. При этом, Стороны согласовали, что Покупатель обязуется произвести оплату за Товар на основании сканированной копии соответствующего Дополнительного соглашения, направленной Продавцом Покупателю посредством электронной почты. 9.2 Оплата за транспортные услуги осуществляется Покупателем в соответствии с условиями, оговоренными в Общих условиях или в Договоре на каждую партию Товара. 9.3. По требованию любой из Сторон, Стороны составляют акт сверки взаимных выполненных обязательств. В случае, если одна из Сторон, в результате разницы между фактически	**9. Төлеу шарттары** . 9.1. Сатып алушы Тауарға қатысты төлемді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылатын теңгеде және Тауардың әрбір топтамасы бойынша Тараптар рәсімдеп отыратын Шарттың шарттарына сәйкес төлеп отырады. Бұл ретте, Тараптар Сатушы Сатып алушыға электронды пошта арқылы жіберген тиісті Қосымша келісімнің сканерленген көшірмесінің негізінде Сатып алушының Тауар үшін төленуі тиіс төлемді төлеуге міндетті болып отыратыны туралы келісті. 9.2. Тасымалдау қызметтеріне қатысты төлем Жалпы шарттарда немесе Тауардың әрбір топтамасына қатысты Шартта келістірілген шарттарға сәйкес Сатып алушының тарапынан төленеді. 9.3. Кез келген Тараптың талабы бойынша Тараптар өзара орындалған міндеттемелерді салыстырып тексеру актісін құрастырады. Іс жүзінде жөнелтілген және төленген Тауардың

отгруженным и оплаченнымТоваром, окажется в долгу перед другой Стороной, соответствующая Сторонаобязуется оплатить такую разницу в течение 10 (десять) рабочих дней после получения соответствующего письменного требования согласно образцу Продавца и предоставления возвратных экземпляров оригиналов Договора и Приложений к Договору, подписанных обеими Сторонами, Актов выполненных работ (оказанных услуг) и Накладных на отпуск запасов на сторону и/или СНТ. Несмотря на указанное в настоящем подпункте, Продавец имеет право не оплачивать сумму такой разницы до полного выяснения условия образования задолженности.	арасындағы айырмашылықтың нәтижесінде Тараптардың біреуі екінші Тараптың алдында борышқор болып қалғанжағдайда, Сатушының үлгісіне сәйкес рәсімделген тиісті жазбаша талапты алғаннан, Тараптардың екеуі де қол қойғанШарт және Шартқа қатыстыҚосымшалар түпнұсқаларының қайтарылуы тиіс даналарын, Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерін және Қорларды жөнелту жөніндегі жүкқұжаттардыжәне (немесе) ТІЖ құжаттарын ұсынғаннан кейін тиісті Тарап осындай айырмашылықты 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төлеуге міндеттенеді. Осы тармақшада келтірілген ережелерге қарамастан, Сатушы борышқорлықтың қалыптасу шарттарын толығымен анықтау мезетіне дейін осындай айырмашылықтың сомасын төлемеуге құқылы болып отырады.
9.4. Стороны согласовали, что Покупатель обязан оплатить за весь Товар частями или полностью в сроки, установленные Общим условием или Договором. При осуществлении оплаты Товара по частям, Покупатель принимает и соглашается с тем, что во избежание затоварки резервуарного парка и в соответствии с производственными возможностями НПЗ, Продавец вправе распределить произведенную Покупателем предоплату за тот или иной вид законтрактованного Товара. Оплата Товара третьим лицом за Покупателя не допускается. Оплата производится Покупателем согласно реквизитам Продавца, указанным в Договоре.	9.4. Тараптар Сатып алушының бүкіл Тауарға қатысты соманы Жалпы шарттарда немесе Шартта белгіленген мерзімдерде бөлшектермен немесе толығымен төлеуі тиіс туралы келісті. Тауарға қатысты төлемді бөлшектермен төлеу жағдайында Сатып алушы резервуар паркінде Тауардың шамадан тыс артық мөлшерінің жиналуын болдырмау мақсатында және мұнай өңдеу зауытының өндірістік мүмкіндіктеріне сәйкес Сатушының Шарт аясындақарастырылған белгілі бір Тауар үшін Сатып алушының тарапынан төленген алдын ала төлемді үлестіру құқығына ие болып отыратынымен келіседі. Сатып алушының орнына Тауарға қатысты төлемді үшінші тұлғаның төлеуіне жол берілмейді. Төлемді Сатып алушы Шартта белгіленген Сатушының деректемелеріне сәйкес жүзеге асырып отырады.
9.5 Продавец выставляет Покупателю Электронный Счет-Фактуру (ЭСФ) в соответствии с действующим законодательством РК. Стороны согласовали, что в случае блокировки Покупателя в ИСЭСФ и невозможности оформления корректного ЭСФ повлекшее административную ответственность Продавца, Покупатель обязуется в срок не позднее 3 (трех) рабочих дней с момента получения письменного требования возместить Продавцу в полном объеме убытки, в том числе штрафы наложенные Уполномоченным органом, а в случае повторной блокировки, Продавец вправе приостановить отгрузки нефтепродуктов и	9.5. Сатушы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сатып алушыға Электронды шот-фактураны (ЭШФ) жібереді. Тараптар Сатып алушы ЭШФ ақпараттық жүйесінде бұғатталып, дұрыс ЭШФ рәсімдеу мүмкіндігі жойылып, Сатушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда, Сатып алушы жазбаша талапты алған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Уәкілетті органның тарапынан салынған айыппұлдарды қоса Сатушыға залалдарды толық көлемінде өтеуге міндеттенеді, ал қайтадан бұғаттау жағдайында Сатушы мұнай өнімдерінің жөнелтуін тоқтатып, Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы болып отырады.

расторгнуть Договор в одностороннем порядке. 9.6. Покупатель обязан вернуть Продавцу утвержденный (е) подписью уполномоченного лица и печатью экземпляр документов: (1) Накладной на отпуск запасов на сторону, (2) Акт выполненных работ (оказанных услуг), (3) Акт сверки в срок не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты получения документов, указанных на почтовом штемпеле доставки.	9.6. Сатып алушы Сатушыға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған және мөртаңбамен бекітілген келесідей құжаттардың даналарын қайтаруға міндетті болып келеді: (1)Қорларды жөнелту жөніндегі жүкқұжат, (2) Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі, (3) Салыстырып тексеру актісі, бұл ретте, оларды пошталық жеткізу мөрқалпында белгіленген құжаттарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберу қажет.
10. Ответственность сторон 10.1. За неисполнение обязательств по Общим условиям или Договору, Стороны несут ответственность в соответствии сдействующим законодательством Республики Казахстан и Общими условиями, за исключением случаев, указанных в п.10.6.Общих условий. 10.2 Стороны несут ответственность только зареальный ущерб, причиненный в результате нарушения Договора. 10.3. Риск случайной гибели и право собственности на Товар переходит от Продавца к Покупателю согласно положениям п. 5.6 и п. 6.5 Общих условий. 10.4. Если Продавец не в состоянии исполнить любое или все свои обязательства Договора из-за плановой или неплановой остановки НПЗ, Продавец имеет право расторгнуть соответствующий Договор и вернуть оплату Покупателю за не поставленный Товар согласно цене, указанной в таком Договоре, в течение 10 (десять) банковских дней со дня такого расторжения. Продавец освобождается от ответственности за неисполнение своих обязательств в связи с обстоятельствами, указанными в настоящем пункте Общих условий продаж. 10.5. В случае организации транспортировки Товара Продавцом, после передачи Товара согласно Договору Покупатель несет ответственность за техническое состояние цистерн. За повреждение железнодорожных цистерн Покупатель возмещает Продавцу убытки в размере стоимости поврежденных частей цистерн и расходов, связанных с ремонтом. В случае утери Покупатель возмещает Продавцу стоимость цистерны, по рыночной оценке, на момент утери.	**10. Тараптардың жауапкершілігі** 10.1 Жалпы шарттар немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау үшін Тараптар Жалпы шарттардың 10.6. тармағында белгіленген шарттарды қоспағандағы Жалпы шарттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады. 10.2 Тараптар тек Шарттың бұзылуы нәтижесінде тигізілген нақты зақым үшін жауапты болады. 10.3 Жалпы шарттардың 5.6. және 6.5 тармақтарына сәйкес Тауарға қатысты меншік құқығы және байқамай жойылу тәуекелі Сатушыдан Сатыпалушыға көшіріледі. 10.4 Сатушы мұнай өңдеу зауытының жоспарға сәйкес немесе жоспардан тыс тоқтатылуы нәтижесінде Шарт бойынша өзінің кез келген міндеттемесін немесе барлық міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда, Сатушы тиісті Шартты бұзу және Сатып алушыға осындай бұзу күнінен бастап 10 (он) банк күнінің ішінде осындай Шартта белгіленген бағаға сәйкес жеткізілмеген Тауарға қатысты төлемді қайтару құқықтарына ие болып отырады. Сатушы Жалпы сату шарттарының осы тармағында белгіленген жағдайларға байланысты өзінің міндеттемелерін орындамауы үшін жауапкершіліктен босатылады. 10.5 Сатушы Тауарды тасымалдауды ұйымдастырған жағдайда, Шартқа сәйкес Тауарды табыстағаннан кейін Сатып алушы цистерналардың техникалық күйі үшін жауапты болады. Теміржол цистерналарының зақымдануы үшін Сатып алушы Сатушыға цистерналардың зақымданған бөліктерінің құнына және жөндеу жұмыстарына байланысты болатын шығындардың сомасына сәйкес болатын залалды өтеп отырады. Жоғалуы

10.6. Продавец вправе в одностороннем порядке отказаться от исполнения соответствующего Договора в части поставки Товара, который не был оплачен в соответствии с условиями оплаты, оговоренными в соответствующем Договоре. 10.7. Стороны согласовали, что если Покупатель в заявке на отгрузку Товарауказал недостоверные сведения в части оформления СНТ, что по вине Покупателя повлекло некорректное оформление Продавцом СНТ, то Покупатель обязуется уведомить Продавца в течение 36 часов для дальнейшего переоформления СНТ. В случае отклонения Покупателем СНТ после оформления ЭСФ, без предварительногосогласования с Продавцом, и выставления уполномоченными органами в адрес Продавца штрафов и прочих санкций за нарушение правил оформления СНТ/ЭСФ, Покупатель обязуется возместить Продавцувсе выставленные штрафы/пени/неустойки. При этом, Покупатель соглашается с тем, что Продавец вправе удержать любые штрафы и пени по Договору из любых сумм, причитающихся Покупателю по Договору или каким-либо иным договорам или обязательствам. 10.8. В случае нарушения Покупателем (либо его грузополучателем) обязательств по срокам указанных в пункте 9.5., Общих условий проекты актов по штрафным санкциям за вагоны-цистерны Продавца считаются принятыми и Заказчик обязуется произвести оплату суммы наложенного штрафа предоставляемого Продавцом в срок не позднее (тридцати) рабочих дней, либо Продавец в праве взыскивать данные суммы из предоплаты произведенных Покупателем. 10.9. В случае нарушения Покупателем обязательств по приемке Товара по виду и/или количеству либо отказа от приемки Товара, Покупатель обязуется возместить Продавцу убытки в полном объеме в срок не позднее 10 (десяти) дней с момента предъявления претензии.	жағдайында Сатып алушы Сатушыға жоғалу мезетіндегі нарықтық бағасы бойынша цистернаның құнын өтеп отырады. 10.6 Сатушы тиісті Шартта келістірілген төлеу шарттарына сәйкес төленбеген Тауарды жеткізу жөніндегі тиісті Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тарту құқығына ие болып келеді. 10.7 Тараптар Сатып алушы Тауарды жөнелту жөніндегі өтінімде ТІЖ құжатын рәсімдеу тұрғысынан шынайы емес мәліметтерді белгілеп, нәтижесінде Сатып алушының кінәсінен Сатып алушы ТІЖ құжатын бұрыс рәсімдеген жағдайда, Сатып алушы ТІЖ құжатын кейіннен қайта рәсімдеу мақсатында Сатушыны 36 (отыз алты) сағат ішінде хабардар етуге міндеттенеді деп келісті. Сатып алушы ЭШФ рәсімдегеннен кейін Сатушымен алдын ала келістірмей ТІЖ құжатын қабылдамай, уәкілетті органдар ТІЖ/ЭШФ құжаттарын рәсімдеу ережелерін бұзғаны үшін Сатушыға айыппұлдарды және басқа да айыптарды салған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға барлық салынған айыппұлдарды/айыптарды/тұрақсыздық айыптарын өтеуге міндетті болып отырады.Бұл ретте, Сатып алушы Сатушының Шарт бойынша немесе қандай да бір басқа Шарттар немесе міндеттемелер бойынша Сатып алушыға тиесілі болатын кез келген сомалардан Шарт бойынша кез келген айыппұлдарды және айыптарды ұстап отыру құқығына ие болып отыратынымен келіседі. 10.8 Сатып алушы (немесе оның жүк қабылдаушысы) Жалпы шарттардың 9.5. тармағында белгіленген мерзімдерді бұзған жағдайда, Сатушының вагон-цистерналарына қатысты айыппұл актілерінің жобалары қабылданған ретінде танылады және Тапсырыс беруші Сатушы ұсынған айыппұлдың сомасын 30 (отыз) күн ішінде төлеуге міндетті болады, не болмаса Сатушы бұл сомаларды Сатып алушының тарапынан төленген алдын ала төлемнен өндіру құқығына ие болып келеді. 10.9 Сатып алушы түрі және (немесе) мөлшері бойынша Тауарларды қабылдау жөніндегі міндеттемелерін бұзған немесе Тауарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Сатып алушы наразылықты білдіру сәтінен бастап 10 (он) күн ішінде Сатушының залалдарын толық көлемінде өтеуге міндеттенеді.

10.10. Продавец вправе в одностороннем порядке приостановить отгрузку ннефтепродуктов указанных в заявке Покупателя в случае непредставления Продавцу его экземпляра оригинала Договора или нарушения сроков предоставления, указанных в п. 3.1. Общих условий. 10.11. При изменении регистрационных данных, в том числе юридического адреса Покупатель обязан письменно уведомить Продавца в течение 3 (трех) рабочих дней с даты возникновения таких изменений. 10.12. В случае нарушения срока предоставления возвратных экземпляров документов, указанных в п. 9.6 Общих стандартных условий и установления нарушения порядка ведения бухгалтерского учета у Продавца Уполномоченным органом, Покупатель обязуется возместить Продавцу в полном объеме убытки, в том числе начисленные штрафы, согласно подтверждающим документам.	10.10 Сатушы Жалпы шарттардың 3.1. - тармағында белгіленген ұсыну мерзімдері бұзылған немесе Шарт түпнұсқасының оған тиесілі болатын данасын алмаған жағдайда, Сатушы Сатып алушының өтінімінде белгіленген мұнай өнімдерін жөнелту рәсімін бір жақты тәртіпте тоқтатуға құқылы болады. 10.11 Тіркеу деректерінің, солардың ішінде, заңды мекенжайдың өзгертілуі жағдайында Сатып алушы осындай өзгерістер орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатушыны жазбаша түрде хабардар етуге міндетті болып келеді. 10.12 Жалпы стандартты шарттардың 9.6-тармағында белгіленген құжаттардың қайтарылатын даналарын ұсыну мерзімдерінің бұзылуы және Уәкілетті орган Сатушыда бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібінде бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Сатып алушы растаушы құжаттарға сәйкес есептелген айыппұлдарды қоса Сатушыға залалдарды толық көлемінде өтеуге міндеттенеді.
11. Ответственность сторон по соблюдению законодательства о трансфертном ценообразовании 11.1. В случае выявления уполномоченными органами, в ходе осуществления мониторинга сделок, проверок и иных процедур, установленных законами РеспубликиКазахстан непосредственной взаимосвязи данной сделки с деловыми международными операциями (при последующей реализации Покупателем Товара на экспорт), Покупатель обязуется возместить все расходы, понесенные Продавцом по итогам осуществления уполномоченными органами мониторинга сделок, проверок и иных процедур, установленных законами Республики Казахстан. 11.2. В случае начисления уполномоченными государственными органами налогов идругих обязательных платежей в бюджет, пени и штрафов по итогам проведения проверок Продавца по вопросам трансфертного ценообразования, Покупатель по требованию Продавца обязуется возместить Продавцу сумму таких начислений в полном объеме, если они явились результатом невыполнения или ненадлежащего выполнения Покупателемсвоих обязательств по Общим условиям.	**11. Трансферттік баға белгілеу заңнамасын сақтау аясындағы тараптардың жауапкершілігі** 11.1. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мәмілелерді қадағалау, тексеру және басқа да рәсімдерді жүргізу барысында уәкілетті органдар осы мәміленің іскерлік халықаралық операциялармен тікелей байланысын (Сатып алушының Тауарларды экспортқа сатуын) анықтаған жағдайда, Сатып алушы уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мәмілелерді қадағалау, тексеру және басқа да рәсімдерді жүргізу нәтижесінде Сатушы жұмсаған барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді. 11.2. Уәкілетті мемлекеттік органдар Сатушыны трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексеру жұмыстарының нәтижесінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, айыптарды, айыппұлдарды есептеген жағдайда, Сатып алушының өзінің Жалпы шарттар бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе бұрыс орындауы жағдайында Сатып алушы Сатушының талабы бойынша Сатушыға осындай сомаларды толық көлемінде өтеуге міндетті болып келеді.

11.3. При возникновении случаев, указанных в пунктах 11.1. и 11.2. Общих условий продаж, Покупатель по требованию Продавца обязуется предоставить все необходимые документы, связанные с реализацией Товара на экспорт, в течение 10 (десяти) дней.	11.3. Жалпы сату шарттарының 11.1. және 11.2. тармақтарында белгіленген жағдайлар орын алған кезде Сатып алушы Сатушының талабы бойынша Тауардың экспортқа сатылуына қатысты болатын барлық қажетті құжаттарды 10 (он) күн ішінде ұсынуға міндеттенеді.
12. Противодействие коррупции 12.1. Стороны признают и подтверждают, что каждая из них проводит политику полной нетерпимости к взяточничеству и коррупции, предполагающую запрет прямых или косвенных коррупционных действий и совершения выплат за содействие/выплат, целью которых является упрощение формальностей в связи с хозяйственной деятельностью, обеспечение более быстрого решения тех или иных вопросов. Стороны руководствуются в своей деятельности применимым законодательством и разработанными на его основе внутренними политиками, и процедурами, направленными на борьбу с взяточничеством, коррупцией, коммерческим подкупом и отмыванием денег. Для целей настоящего Договора под термином «**коррупция»** понимается любое противоправное деяние должностными лицами Сторон, их работниками, лицами, уполномоченными на выполнение управленческих, организационно-распорядительных административно-хозяйственных функций в деятельности Сторон (далее – «**Должностные лица**»), при выполнении своих должностных (служебных) или доверенных полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ, покровительства, льгот, обещания преимущества для себя или включая, но не ограничиваясь этим, денежные подарки или ценности, оплаты ценных бумах и ценностей, возмещение различных расходов личного характера, покупка или аренда жилых или нежилых помещений, любого движимого или недвижимого имущества для личного пользования, оплаты поездок и туров,	**12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес** 12.1. Тараптар олардың әрқайсысында сыбайлас жемқорлықтың тікелей немесе жанама әрекеттеріне тыйым салуды және жәрдемдесу/төлемдер жасау үшін төлемді көздейтін парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясаты бар екенін мойындайды және растайды, оның мақсаты – шаруашылық қызметке байланысты ресмилілікті оңайлату, жекелеген мәселелердің тезірек шешілуін қамтамасыз ету. Тараптар өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы және оның негізінде әзірленген ішкі саясатты және парақорлықпен, сыбайлас жемқорлықпен, коммерциялық параға сатып алу және ақшаның ағылуымен күресуге бағытталған рәсімдерді басшылыққа алады. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «**сыбайлас жемқорлық**» термині Лауазымды тұлғалардың Тарапынан, олардың қызметкерлерінің, Тараптардың қызметінде басқарушылық, ұйымдастырушылық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалардың (бұдан әрі – «**Лауазымды тұлғалар**») жеке немесе делдалдар арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) немесе сеніп тапсырылған өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді орындаған кезде, сондай-ақ осы тұлғаларды игіліктер мен артықшылықтар, қолдаушылық, жеңілдіктер, өзіне деген тиімділкке уәде беру немесе қосымша, бірақ онымен шектелмеу, ақша немесе құндылықтарды сыйға тарту, бағалы қағаздар мен құндылықтарға ақы төлеу, әртүрлі жеке шығындарды өтеу, тұрғын үйді немесе тұрғын емес жайды сатып алу немесе жалға алу, жеке пайдалануға арналған кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктер, сапарлар мен саяхаттарды, отбасылық іс-шараларды ұйымдастыру және төлеу,

организации и оплаты семейных мероприятий, трудоустройство родственников и т.д. 12.2. Каждая из Сторон гарантирует, что при исполнении своих обязательств по настоящему Договору, Должностные лица Сторон не будут прямо или косвенно предлагать, предоставлять, давать или давать согласие на предоставление каких-либо коррупционных выплат (денежных средств или ценных подарков) Должностным лицам другой Стороны, а также любым третьим лицам, должностным лицам государственных, правоохранительных и(или) судебных органов, а также не будут совершать иные действия, которые могут быть квалифицированы применимым [*для настоящего Договора*] законодательством как дача/получение взятки, коммерческий подкуп или иные действия, нарушающие требования применимого законодательства и международных актов о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, противодействии коррупции, предотвращению и пресечению коррупционных правонарушений. 12.3. Любые жалобы о подозрениях в совершении коррупционного правонарушения, коммерческого подкупа, предоставления взятки или о нарушениях каких-либо положений настоящего Договора, а также о неправомерном поведении в отношении *[Компании]* и(или) *[Контрагента*] по вопросам, связанным с *[Компанией],* включая преступное поведение, мошенничество, преднамеренную ошибку, незаконное присвоение имущества, искажение и ложное представление информации, дискриминацию или преследования, а также о существующих или потенциальных нарушениях в области охраны труда, безопасности и охраны окружающей среды [*Контрагент*] может сообщать *[в Компанию*]: **<u>по горячей телефонной линии</u>**: на казахском языке +7 (727) 258-12-32, на русском языке +7 (727) 258-12-33, на английском языке +7 (727) 258-12-34, на китайском языке +7 (727) 258-12-35, или **<u>по электронной почте</u>**: complaint.hotline@petrokazakhstan.com. В письменном уведомлении Сторона обязана сослаться на факты и, по возможности, предоставить материалы, достоверно	туыстарын жұмысқа орналастыру және т.б. заңсыз әрекетін білдіреді. 12.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптардың Лауазымды тұлғалары екінші Тараптардың лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ кез келген үшінші тұлғаларға, мемлекеттік, құқық қорғау және (немесе) сот органдарының лауазымды тұлғаларына тікелей немесе жанама түрде сыбайлас жемқорлық төлемдерін (ақша немесе бағалы сыйлықтар) ұсынуға, беруге немесе келісім беруді және *[осы Келісім үшін]* қолданыстағы заңнамада пара беру/алу ретінде талап етілуі мүмкін басқа әрекеттерді орындамау, коммерциялық параға сатып алу немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (ақшаның ағылуына) қарсы күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қолданыстағы заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын өзге де әрекеттерді Тараптардың әрқайсысы жасамауға кепілдік береді. 12.3. Күдікті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, коммерциялық параға сатып алу, пара ұсыну немесе осы Келісімнің кез келген ережелерін бұзу, және *[Компанияға]* және/немесе *[Контрагентке]* қатысты *[Компаниямен]* байланысты мәселелер бойынша теріс әрекет, соның ішінде қылмыстық іс-әрекет, алаяқтық, қасақана қателік, мүлікті заңсыз иемдену, ақпаратты жалған және бұрмалап беру, кемсіту немесе қудалау, сондай-ақ қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында бар немесе ықтимал бұзылыстар туралы *[Контрагент] [Компанияға]* хабарлай алады: **<u>жедел телефон желісі арқылы:</u>** қазақ тілінде +7 (727) 258-12-32, орыс тілінде +7 (727) 258-12-33, ағылшын тілінде +7 (727) 258-12-34, қытай тілінде +7 (727) 258-12-35, немесе **<u>электронды пошта бойынша</u>**: complaint.hotline@petrokazakhstan.com. Осы Шарттың кез келген ережелерін жазбаша хабарламада *[Компанияның]* және/немесе *[Контрагенттің]* немесе оның Лауазымды

подтверждающие или дающие основание предполагать, о готовящемся, совершаемом или совершенном нарушении [*Компанией] и/или [Контрагентом]*, либо его/ее Должностными лицами каких-либо положений настоящего Договора, или совершение действий, квалифицируемых применимым законодательством, как коррупционное правонарушение, дача или получение взятки, коммерческий подкуп, либо о действиях, нарушающих требования применимого законодательства и международных актов о противодействии легализации доходов, полученных преступным путем и противодействии коррупции. 12.4. Стороны обязуются минимизировать риск деловых отношений с контрагентами, которые могут быть вовлечены в коррупционную деятельность, а также будут оказывать содействие друг другу в целях предотвращения коррупции и, в случае обнаружения возможности такого правонарушения или коммерческого подкупа, будут предоставлять другой Стороне имеющиеся у нее улики или материалы по данному вопросу, а также содействовать проведению проверок в целях предотвращения рисков вовлечения Сторон по настоящему Договору в коррупционную деятельность. 12.5. Стороны настоящего Договора договорились, что в случае установления факта нарушения одной из Сторон положений настоящего раздела Договора, повлекшего за собой причинение другой Стороне Договора имущественного ущерба, нарушившая Сторона несет ответственность в виде штрафа в размере 5% от общей суммы Договора, а также возмещает потерпевшей Стороне реальный ущерб в части не покрытой выплаченным штрафом.	тұлғаларының дайындап жатқанын, жасайтынын немесе жасалаған бұзылуларды сенімді түрде растайтын немесе болжауға негіз беретін немесе қолданыстағы заңнамада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық ретінде мамандандырылған әрекеттерді жасау, пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер туралы Тарап фактілерге сілтеме жасап және мүмкіндігінше материалдарды беруге міндетті. 12.4. Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне көмек көрсетеді және мұндай құқық бұзушылық немесе коммерциялық пара алу мүмкіндігі анықталған жағдайда екінші Тарапқа осы мәселе бойынша оның иелігіндегі дәлелдемелерді немесе материалдарды береді, сондай-ақ осы Шарт бойынша Тараптардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тартылу тәуекелдерінің алдын алу мақсатында тексерулер жүргізуге жәрдемдесуге міндеттенеді. 12.5. Осы Шарттың Тараптары Тараптардың бірі Шарттың осы бөлімінің ережелерін бұзып, нәтижесінде Шарттың екінші Тарапына мүліктік залал келтірген жағдайда, бұзған Тарап Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылатынына келісті, сондай-ақ жәбірленуші Тарапқа төленген айыппұлмен жабылмаған бөлігіндегі нақты залалдың орнын толтырады.
13. Разрешение споров 13.1. Все споры и разногласия между Сторонами, которые могут возникнуть из Общих условий или в связи с ним или Договором, Стороны урегулируют путем переговоров во внесудебном порядке. При невозможности такого урегулирования споров и разногласий, требования, возникающие в связи с данным Договором или касающиеся его нарушения, прекращения, недействительности, подлежат разрешению в Специализированном	**13. Дауларды шешу тәртібі** 13.1 Жалпы шарттардан немесе ШартШарттан немесе оларға байланысты туындауы мүмкін Тараптардың арасындағы барлық дауларды және келіспеушіліктерді Тараптар соттан тыс тәртіпте келіссөз жүргізу арқылы реттейтін болады. Дауларды және келіспеушіліктерді осындай тәртіпте реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, осы ШартШартқа немесе оның бұзылуына, тоқтатылуына немесе жарамсыздығына

межрайонном экономическом суде г.Алматы.	байланысты туындайтын талаптар Алматы қаласының Арнайы ауданаралық экономикалық сотында шешілу тиіс.
13.2. Общие условия и Договор регулируютсяправом Республики Казахстан без отсылки к коллизионным нормам права.	13.2 Жалпы шарттар және Шартқұқықтың коллизиялық нормаларын ескермеуінсіз Қазақстан Республикасының құқығымен реттеледі.
14. Форс-мажор 14.1. При наступлении обстоятельств невозможности полного или частичного исполнения любой из Сторон обязательств по Общим условиям или Договору, а именно: пожара, стихийных бедствий, войны,военных операций любого характера, блокады, государственным регулированием и другими действиями государственных органов, невозможности оказание услуг перевозчиком, срок исполнения обязательств по Общим условиям или Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого будут действовать такие обстоятельства. 14.2. Если такие обстоятельства будут продолжаться более 60 дней, то каждая из Сторон будет иметь право отказаться от дальнейшего исполнения обязательств по настоящим Общим условиям или Договору, и в этом случае ни одна из Сторон не будет иметь права на возмещение возможных убытков другой Стороной. В этом случае Договор может быть расторгнут, а Стороны должны произвести взаиморасчет по фактически исполненным обязательствам в течение 10 дней с момента такого расторжения. 14.3. Сторона, для которой создалась невозможность исполнения обязательств согласно настоящей Статьи 14, должна как можно быстрее, но не позднее 7 дней, известить другую Сторону о дате начала таких обстоятельств и причинах, препятствующих выполнению обязательств.Не уведомление или несвоевременное уведомление о наступлении обстоятельств форс–мажора, лишает Сторону ссылаться на такие обстоятельства, как обстоятельства, освобождающие от ответственности.	**14. Форс-мажор** 14.1. Қандай да бір Тараптың Жалпышарттар немесе Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен немесе ішінараорындау мүмкіндігі болмайтын жағдайлар, демек: өрт, табиғи апаттар, соғыс, кез келген сипаттағы әскери операциялар, бұғаттар, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік органдардың басқа да әрекеттері орындалатын, тасымалдаушылардың қызмет көрсету мүмкіндігі болмайтын жағдайлар орын алған кезде Жалпы шарттар немесе Шарт аясындағы міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алып тұратын уақытқа сәйкес кейінге жылжытылатын болады. 14.2. Осындай жағдайлар 60 (алпыс) күннен артық болатын мерзімге созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы осы Жалпы шарттар немесе Шарт бойынша міндеттемелерді кейіннен орындаудан бас тарту құқығына ие болып отырады, бұл ретте, Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың ықтимал залалдарын өтеу үшін міндетті болмайды. Осындай жағдайда Шарт бұзылып, Тараптар осындай бұзылу күнінен бастап 10 (он) күннің ішінде іс жүзінде орындалған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысуы тиіс. 14.3. Осы 14-бапқа сәйкес міндеттемелерді орындау мүмкіндігі жоғалған Тарап 7 (жеті) күннен кешіктірмей, тез арада басқа Тарапты міндеттемелерді орындау мүмкіндігінекедергі келтіретін себептер және осындай жағдайлардың басталу күні туралы хабардар ету тиіс. Еңсеруге келмейтін жағдайлардың орын алуы туралы хабарламаудың немесе тиісті мерзімінен тыс хабарлаудың нәтижесінде Тарап осындай жағдайларға жауапкершіліктен босататын жағдайларретінде жүгіну құқығынан айырылады.
15. Порядок внесения изменений и дополнений в Общие условия 15.1. Внесение изменений и дополнений в Общие условия, в том числе посредством изложения их в новой редакцииосуществляется Продавцом в одностороннем порядке с	15. **Жалпы шарттарға өзгерістерді және толықтыруларды енгізу тәртібі** 15.1. Жалпы шарттарға өзгерістерді және толықтыруларды енгізу, соның ішінде, оларды жаңа редакцияда баяндау рәсімі Қазақстан Республикасы заңнамасыныталаптарын және

учетом требований законодательства Республики Казахстан и настоящей главы Общих условий. 15.2. Продавец информирует Покупателя об изменениях и дополнениях, вносимых в Общие условия не позднее, чем за 10 (десять) дней до вступления таких изменений в силу, путем размещения Общих условий с изменениями и дополнениями на интернет-ресурсе Продавца (http://petrosun.kz/). 15.3. Любые изменения и дополнения в Общие условия, в том числе утвержденное Товариществом новая редакция Общих условий, с даты вступления их в силу равно распространяются на всех лиц, присоединившихся к Общим условиям, в том числе присоединившихся к Общим условиям ранее даты вступления изменений и дополнений в силу. 15.4 Все изменения и дополнения к Договору считаются действительными, если они выполнены в письменной форме и подписаны уполномоченными представителями обеих Сторон. При этом, стороны согласовали, что все уведомления или изменения, касающиеся Договора, должны отправляться заказным письмом либо факсимильной связи, либо электронной почтой по адресам Сторон, указанным Договоре (если только получателем в письменном уведомлении не указан иной адрес). 15.5 Настоящие Общие условия составлены на русском и казахском языках. В случае каких-либо расхождений в толковании настоящих Общих условий, текст на русском языке будет иметь превалирующую силу.	Жалпы шарттардың осы тарауының талаптарын ескерумен Сатушының тарапынан бір жақты тәртіпте жүзеге асырылады. 15.2. Сатушы Сатушының интернет-ресурсында (http://petrosun.kz/) өзгерістеріжәне толықтырулары қамтылған Жалпы шарттарды орналастыру арқылы осындай өзгерістердің күшіне енуіне дейін 10 (он) күннің ішінде Жалпы шарттарға енгізілетін өзгерістер және толықтырулар туралы Сатып алушыны хабардар етеді. 15.3. Жалпы шарттарға қатысты кез келген өзгерістер және толықтырулар, солардың ішінде, Серіктестіктің тарапынан бекітілген Жалпы шарттардың жаңа редакциясы, күшіне ену күнінен бастап Жалпы шарттарға қосылған барлық тұлғаларға, солардың ішінде, өзгерістер және толықтырулар күшіне енген күнге дейін қосылған барлық тұлғаларға қатысты қолданылады. 15.4. Шартқа қатысты барлықөзгерістер және толықтырулар жазбаша түрде құрастырылуы және оларға екі Тараптың уәкілетті өкілдері қолдарының қойылуы шартымен жарамды болып танылады. Бұл ретте, Тараптар Шартқа қатысты болатын барлық хабарламалардың немесе өзгерістердің (қабылдаушы жазбаша хабарламада өзге мекенжайды белгілеген жағдайларды қоспағанда) Шартта белгіленген Тараптардың мекенжайларына тапсырыс хаты, факс байланысы немесе электронды пошта арқылы жіберілуі тиісекендігі туралы келісті. 15.5. Осы жалпы стандартты сату шарттары мәтіндері бірдей заңды күшке ие болыпкелетін орыс және қазақ тілдерінде құрастырылған. Орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндердің арасында сәйкессіздіктер немесе қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.